

Петропавл қаласы аумағында жүзеге асырылатын жолаушыларды және багажды тұрақты автомобильмен тасымалдау тарифін белгілеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 2367 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 10 желтоқсанда N 3012 болып тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 09 наурыздағы № 463 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 06.03.2017 № 463 қаулысымен (бұқаралық ақпарат құралдарында бірінші ресми жариялаған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31-бабы 1-тармағы 9) тармақшасына, "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі № 476 Заңының 19-бабы 2, 5-тармақтарына сәйкес қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Автобус және шағын автобус бағыттары бойынша Петропавл қаласы аумағында жүзеге асырылатын жолаушыларды және багажды тұрақты қалалық автомобильмен тасымалдау тарифі 65 теңге етіп белгіленсін.

2. "Петропавл қаласы аумағында жүзеге асырылатын жолаушыларды және багажды тұрақты автомобильмен тасымалдау тарифін белгілеу туралы" Петропавл қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 1 шілдедегі № 958 қаулысының күші жойылды деп танылсын (нормативтік құқықтық актілерді Мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2011 жылғы 1 шілдедегі № 13-1-199 тіркелген, 2011 жылғы 8 шілдедегі "Қызылжар Нұры" газетінде № 29 (345) және 2011 жылғы 8 шілдедегі "Прспект СК" газетінде № 30 жарияланған).

3. Осы қаулының орындалуын бақылау осы саланы басқаратын қала әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оны бұқаралық ақпарат құралдарында бірінші ресми жариялаған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

М. Тасмағанбетов

Келісілді

Қалалық маслихат сессиясының
2014 жылғы 05.12. № 2 шешімі

Қалалық мәслихат хатшысы

Л. Жалмұқанова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК